

**А. Жүнісова, 2-курс**  
**Ғылыми жетекші: Е. М. Нұрғалиев, ІІО басқару кафедрасының аға**  
**оқытушысы**  
**(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды**  
**академиясы)**

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ӨНІМДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі заманғы білім алу кеңістігін ақпаратты қамтамасыз ету ұстазға алдында тұрған барлық оқу-тәрбиелік тапсырмаларын жылдам және тиімді шешуге мүмкіндік беретіндей деңгейде болу керек. Ақпараттық технологиялар қандай педагогикалық жағдайдағы болмасын шешімдерді (шешу жиынтығы) табуға мүмкіндік береді. Іс жүзінде ұстаз тұтас

білім алуға, соның ішінде, тарихты да оқытудағы жаңа ақпараттық технологияларды оқу процесінің барлық кезеңдерінде қолдана алады, көбінесе: теоретикалық материалдарды дайындағанда; пән бойынша ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді құрғанда; сабаққа демонстрациялық материалдарды дайындағанда; оқушылардың білімін тексергенде; үлгерім статистикасын жинау және сараптау үшін. Ақпараттық технологиялардың интенсивті дамуы оқу процесі жүзеге асатын білім алу ортасын өзгертті.

Қазіргі заманғы оқуды басқару жүйелерінің тізімі кеңейтілген: коммерциялық бағдарламалық өнімдермен (**Adobe Connect Training, eLearning Portal, ITrain, Microsoft Learning Gateway, Blackboard Learn, eLearning Server, BaumanTraining** және т. б.) қоса еркін таратылатын өнімдер де (**ATutor, Claroline, Dokeos, Moodle OpenACS** және т. б.) ұсынылады. Соған қоса бағдарламалардың айтарлықтай мөлшерін отандық өндірушілер ұсынып отыр.

Қазіргі уақытта қолданылатын кейбір бағдарламалық өнімдердің мүмкіндіктерін қарастырайық.

**Adobe Connect Training** (өндіруші — **Adobe Systems Inc**) — қашықтықтан білім алу курстарымен басқару жүйесі. Оқудың курстар негізінде индивидуалды оқу жоспарлары, сырттағы өндірушілердің материалдары мен оқытушының басшылығымен интерактивті оқыту сияқты әртүрлі амалдарын үйлестіре алатын индивидуалды оқу бағдарламаларын өндіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса оқу жоспарларының ішіне сыртқы іс-шаралар да енеді, мысалы, алынған білімді қолдану біліктілігін тексеру.

Мүмкіндіктері:

- білім алушылар оқу процесін кез келген сәтте үзіп, одан кейін шыққан жерлерінен қайта жалғастыра алады;
- сертификация. Автоматтандырылған сертификация критерилерінің тапсырмасынан кейін білім алушыға курс соңында жеке сертификаттық нөмір беріледі;
- материалдарды басқару және кілтті сөздер арқылы іздеу;
- оқу курстарын басқару. Оқу курстарының кестесін құру, білім алушыларды шақыру, тіркелу мен еске салу жайлы хабарландыруларды таратуды автоматтандыру;
- оқу жоспарларын басқару. Икемделген шебердің көмегімен бастапқы шарттарды бере отырып, міндетті және қосымша модульдерді, аяқтау шарттарын анықтап оқудың бірізді бағдарламасын құруға болады. Бұл бағдарламаға керекті оқу курстары, материалдары және жекелеген сабақтар енгізілген.
- жетекшінің есебі. Жетекшілер өз ұйымындағы барлық тікелей немесе өзге де есептердің өтілуі мен тиімділігін бақылай алады;
- тестілеу. Білім алушылардың үлгерімінің бағасы. Қосымша өту немесе өтпеу критерилерін орнатуға болады.
- есеп беру. Бұл функция тіркелу, курстың аяқталуы және оқу жоспарлары, тесттерді өту мен сұрастыру жауаптарының нәтижелері жайлы толық ақпарат алуға мүмкіндік береді.

**eLearning Portal** — оқуды басқарудың жүйесі. Электронды оқу курстарын өтуді, тесттерді тапсыруды ұйымдастыруға жол береді, сонымен қоса, білім алушылар, жаттықтырушылар мен ұстаздар, оқу менеджерлерінің арасындағы бірлескен жұмысты қамтамасыз ете алады. **eLearning Portal** әлеуметтік желілерді ұйымдастыру, **wiki**, блогтар, **Microsoft Unified Communications** және **Adobe Connect** аудио және видео-конференцияларды жүргізу жүйелерін интеграциялаудың көмегімен жүзеге асырылған жанды тілдесу сияқты мүмкіндіктерді қолдайды.

**Moodle** — **online**-сабақтар мен оқу **web**-сайттарын ұйымдастыру үшін арналған еркін таратылатын қосымша. **Moodle**-ді қолдана отырып оқытушы тексттермен, көмекші файлдар, презентациялармен толықтырылған курстар құра алады. Жүйенің интерфейсі әуел баста бағдарламалау және мәліметтер базасы мен веб-сайттарды администрациялауда терең білімдері жоқ мұғалімдердің жұмысына бағдарланған. Жүйенің интерфейсі ыңғайлы әрі түсінікті болып келеді. **Moodle**-ді қолдану үшін кез келген **web**-браузердің болғаны жеткілікті, бұл берілген оқу ортасын қолдануды оқытушыларға да, білім алушыларға да ыңғайлы етеді.

Мүмкіндіктері:

- ресурстарды кез келген форматта жариялау және оларға деген рұқсатты басқару мүмкіндігі;

- тапсырмалар банкiсi бар маңызды әрi икемдi жүйесi;
- форумдар мен таратулардың ыңғайлы жүйесi;
- форумдарды қоса алғанда, курс материалдарындағы терминдердiң анықтамаларына автосiлтемелер қолдауы бар глоссарий;
- мәліметтер базасы мен коллекция жиынтығы үшін қалыптасқан сауалнама;
- қолданушылар тізімі мен курстарға жазылу бойынша сыртқы мәліметтер базасымен интеграция мүмкіндігі;
- жүйедегі барлық әрекеттерді толық хаттамалау;
- курстарды сақтау мен курстардан қалпына келтіру мүмкіндігі.

Бұдан басқа, жұмыстың ыңғайлылығын арттыратын қосымша құралдар ескерілген:

- жүйенің функцияналдығын сырттағы өңдеушілерден кеңейтетін модульдар мен плагиндер орнату мүмкіндігі бар;
- жөндеуге және өзгертуге келетін безендіру үлгілері (шаблон);
- жүйедегі барлық мәліметтерді сақтай отырып, жаңарту мүмкіндігі.

Қашықтықтан білім беруге бағдарланған **Moodle** оқуды басқару жүйесінде коммуникациялық жабдықтардың үлкен қоры бар екенін атап өткен жөн. Бұл тек электронды пошта және салынған файлдармен оқытушымен алмасу ғана емес, сонымен қоса, форум (бағдарламаның басты бетіндегі жалпы жаңалықтық, сонымен қоса, әртүрлі жекеменшік форумдар), чат, жеке бастың мәліметтерімен алмасу, блогтар жүргізу болып табылады.

**Platonus** — бұл оқудың кредиттік және дистанциондық жүйелерінің процестерін комплексті автоматтандыруға жол беретін автоматтандырылған ақпараттық жүйе. Жүйенің академияда болып жатқан барлық нақты оқиғалар мен процестерді көрсететін орталықтандырылған мәліметтер базасы бар. Әр тыңдаушы мен қызметкер үшін жеке кабинет (**web-парақша**) қарастырылған. Ол академия қызметкерлеріне өздерінің негізгі тапсырмаларын автоматтандырып, тыңдаушыларға керекті ақпаратты көруге, ал дистанционды түрде оқитын тыңдаушыларға кейстар мен білім қадағалауға рұқсат алуға, сонымен қоса, ғаламдық Интернет желісі немесе академияның ішкі желісі арқылы оқытушымен тілдесуге мүмкіндік береді.

Мүмкіндіктері:

- қашықтықтан оқыту оқытудың кейстік және желілік технологияларының буыны (гибриді) тәріздес іске асырылған;
- жекеленген оқу күнтізбелері;
- тапсырмаларды хабарлау мен тағайындау жүйесі ішкі қатынасхаттарды жүргізу мен тапсырманы орындауды бақылауды жүзеге асыруға жол береді;
- оқу-әдістемелік кешенді (кейстерді, берілген пән бойынша дәріс материалдарын) көру мен оған рұқсат алу, тестілеуден өтуді және т. б. енетін виртуалды аудиториялар;
- тестілеудің күшті жүйесі;
- графикалық тақта;
- Жалпы жоғары оқу орындық форум;
- жалпы жоғары оқу орындық чат;
- жалпы жоғары оқу орындық электронды кітапхана.

Қазіргі заманғы оқуды басқару жүйесін толық шолып шығу мүмкін емес, алайда оның жағдайы мен қолданылуының келешегі жайлы кейбір қорытындылар жасауға болады.

Біріншіден, қашықтықтан оқуды қолдаудың бағдарламалық жабдықтарының нарығын дамытудың жаңа заманғы тенденциялары оларды универсализациялау мен функцияналдығын арттыру жағына қарай бағытталған.

Екіншіден, еркін таралатын жүйелер коммерциялық жүйелер де шеше алатын тапсырмаларды шешуге жол береді. Бірақ, оның үстіне, қолданушылардың нақты бір жүйені өз қажеттіліктері мен ағымдағы оқу жағдайына сәйкес жетілдіріп, бйімдеуге мүмкіндіктері бар.

Үшіншіден, отандық оқу орындарының көпшілігі үшін оқуды басқарудың коммерциялық жүйелерін қолдану олардың жоғары бағалары мен әр жылға лицензияны ұзарту қажеттілігі себебінен қолжетімсіз болуы мүмкін.